

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен
оның еңбек ұжымы арасындағы 2015 - 2017 жылдарға арналған
ұжымдық шартқа № 7 қосымша келісім**

Астана қаласы

2017 жылғы «17» маусым

Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Президенті және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еңбек ұжымының өкілі - «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі, төмендегілер туралы қосымша келісімді жасасты.

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шартқа келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 8-тармақтың 10) тармақшасының тоғызыншы-отызыншы абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

«Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес:

а) «Құрметті теміржолшы» белгісімен наградталған қызметкерлерді материалдық ынталандыру»;

б) «Кәсібі бойынша үздік» белгісімен наградталған Компания қызметкерлеріне – «Көтермелеу туралы» бұйрық шыққан күннен бастап 12 ай ішінде үстемеақы;

в) бригадаға басшылық еткені үшін үстемеақы (негізгі жұмысынан босатылмаған жұмысшылардың арасындағы бригадирлерге) төлеу жүргізілсін.»;

2) 11-тармақтың 25) тармақшасында слова «(2012 жылғы 10 қаңтардағы №9-Ц бұйрық.)» сөздері алынып тасталсын;

3) 14-қосымшаның 20-тармағы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Келісу комиссиясы мүшелерінің жеке еңбек даулары мәселелері бойынша дауыстары тең болған жағдайда бұл мәселелер реттелмеген болып табылады және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес соттарда қаралады.».

2. Осы Қосымша келісім екі данада жасалған және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015 – 2017 жылдарға арналған ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Президенті**

Қ. Алпысбаев



**«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы**

О. Ахметбаев

